

Өткізілген уақыты: 21 қазан, сағ 11-00.

Іс-шараның мақсаты: Оқырмандардың ой-өрісін, білімділігін арттыру және қызығушылығын ояту.

Оңтүстік Қазақстан облыстық арнайы көзі қорғайтын және әлсіз қорғайтын азаматтарға арналған кітапханасында жыл сайын 1 қазан-13 қараша аралығында «мүгедектердің елеулі сауықтыру айы» өтеді. Сауықтыру айы ерекшелігі, арнайы кітапхана оқырмандарының I топтағы көз мүгедектеріне әдеттегіден де ерекше көңіл болуі. Жыл басынан бастап өткізілген іс-шараларды қорытындылай отырып, оқырмандармен «Білімді және белсенді оқырман» атты оқырманның ой-өрісін дамыту мақсатында викториналық сұрақтар іс-шарасын өткіздік. Биылғы жылы елімізде аталып өткен бірнеше үлкен мерекелі іс-шараларға байланысты сұрақтар қойылды. Оқырмандар сұрақтарға толық және қызыға жауап беріп отырды. Жауап берген оқырмандардың қолдарына түрлі-түсті қағаз беріліп, сонында қағаздардың жалпы санын есептеп жеңімпаз белгіленіп отырды. Биылғы жылы кітапханада А. Құнанбаевтың 170 жылдық мерейтойына орай «Абай әлемі» атты байқау өткізілді. Осы байқаудан үлкен әсер алғанын кітапхананың белсенді оқырманы А.Тайтелиева ерекше айтып өтті.

Брайль жүйесімен жылдам оқып және жазу байқауында өздерінің білімділігін ерекше «Үміт» көздері қорғайтын және әлсіз қорғайтын балаларға арналған мектеп-интернаты оқушылары қорсеті білді. Іс-шара барысында көңілден тыс бірде бір оқырман қалмады. Кітапханамыздың атынан арнайы сыйлықтар тапсырылды.



«Білімді және белсенді оқырман» (Оқырманның ой-өрісін дамыту)

Авторлар: спецбіб
22.10.2015 17:40 -

